

қажеттілігі туындады. Осыған байланысты жобалық шешімдердің әмбебаптығына негізделген принциптер пайда болады.

Әмбебап дизайн принциптері тек қажет болған жағдайда ғана мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз болуды қамтамасыз ететін арнайы немесе көмекші құралдар қолданылатынын білдіреді. Оларды қолдана отырып, кейбір жағдайларда мүгедектер топтарының бірінің ортасын пайдалануды жеңілдететін арнайы жабдықты пайдалану кейде басқа мүмкіндігі шектеулі адамдарға қиындық тудыруы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Мысалы, көптеген адамдардың қозғалыс жолдарында ойластырылмаған тактильді плиткалар балалар мен мүгедектер арбаларының қозғалысына немесе тіпті адамдардың келе жатқан ағымына қиындық тудыруы мүмкін.

Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес, Қызмет көрсетілетін жерлердегі барлық қалалық кеңістіктер, қозғалыс жолдары, кіру аймақтары мен қоғамдық ғимараттар халықтың қауқары аз топтарының қолжетімділік талаптарына сәйкес келуі тиіс. Міндетті түрде қолжетімділік дәрежесімен жобаланатын қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар, рекреациялық аймақтар мен саябақ аумақтары да эскиздік жоба сатысында әмбебап тәсілге сәйкес келуге тиіс. Шын мәнінде, тек тұрғын үй құрылысы саласында жобалау немесе қайта құру болашақ үй иелерінің немесе жалға алушылардың мақсатты сұраныстарына тікелей байланысты болуы мүмкін, бұл арнайы жабдықтың болуын немесе болмауын қамтамасыз етуі мүмкін. Дегенмен, нормалар арнайы жабдықтар мен құрылғыларды пайдалануды реттейді немесе мүгедектер үшін кресло-арбадағы ең үлкен өлшемдер ретінде параметрлер орнатылады.

Сонымен, қоршаған ортаның қол жетімділігін қалыптастыру үшін дизайн аспектілері шешуші болып табылады. Әмбебап дизайн принциптері бойынша жобалық шешімдерді әзірлеу, егер алдын-ала жобалау процесі көмекші құрылғыларды қолдануды анықтайтын қол жетімділік критерийлері мен шарттарын түсінумен жүргізілсе, мүмкін болады. Арнайы қол жетімділік құралдарын қолдану жобалық жағдайларға сәйкес келеді. Жобалық іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін ұсынымдарда, анықтамалық құралдарда, жобалау қағидаларында және қандай да бір бұзушылықтары бар мүгедектер үшін арнайы шешімдерді орналастыру жөніндегі ақпаратты құрастыруды болдырмайтындай кедергісіз орта құру жөніндегі басқа да құжаттарда талап етіледі. Жүйелілік әмбебап кеңістікті жобалауда мүгедектер, қарттар, мүгедектер арбалары бар ата-аналар және т. б. қатысатын экологиялық жағдайларды модельдеу қажет

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Наберушкина Э. К. Мүгедектер үшін қалалық ортаның қолжетімділігі // әлеуметтік зерттеулер. 2010. № 9. С. 58-64.
2. Елина Д.Д. Қазіргі қоғамды Инклюзия түсінігі / Д.Д. Елина, Т.М. Пахолкина, Е.А. Задумкина // Nauchforum.ru: интернет-изд. 2016. – URL: [https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/11\(39\).pdf](https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/11(39).pdf)
3. Бударин Е.Л. Заманауи тұрғын үйдің сәулеті мен дизайнындағы Эргономика қағидасының ерекшеліктері / Е.Л. Бударин, Н.А. Сапрыкина // Дизайн онтологиясы.– 2016. –№ 2 (20). – С. 206–215.
4. Berlin – Design for all. Public Outdoor Space // Berlin.de. – 2012. – URL: https://www.stadtentwicklung.berlin.de/bauen/barrierefreies_bauen/download/designforall/apb_red_broschure_en.pdf (дата обращения: 24.10.2019).

ӨОК712. 04

ЭТНОДИЗАЙН ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЯТЫ

Сейтмурат Балжан

baljan.syetmurat@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бегімбай К.М.

6066

Этнодизайн бағыты – халық шығармашылығындағы бұйымның сындарлығы, түптеп келгенде, көркемөнер дизайнінің қағидалары болып табылатын шығарманың көркемдік тілі мен стиліне технологиялық процестің әсері тәрізді ерекшеліктерді зерттеу мен дамыту болып табылады. Сонымен бірге қолөнер саласында өнерлерінің жемісті қырларымен көзге түскен Бапановтар, Ырым Қанафин, Сәуле Бөлтіріковалардың шығармашылықтарын айтсақ болады. Бұлар, мысалы, халық дәстүрлерін терең түсіну мен өзіндік кәсіби шеберлерге қайталанбас сәндік-көркемдік стилін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ою-өрнек сарындары пішінді бейнелермен қосылған композициялар өте танымал болды. Біріктірудің мұндай тәжірибелері өнертанушылар атап өткендей: «Бұл дәстүрлі өнер түрін заманауилыққа бастайды».



1сурет – Ә. Бапанов «Күн және түн», (диптих, киіз, 1995).

Бұқа бейнесі мифтік көрініске негізделгені бірден білінеді. Себебі көріп отырғандарыңыздай, «Күн және түн» (1-сурет) деген тақырыпта бірі ақ, екіншісі қара түспен көрініс тапқан. Бейненің түстік үйлесімі ерекше үйлесім тауып, диптих бір-бірін қайталап тұрғандай емес, керісінше бір-бірін толықтырып тұрғандай әсер береді.

Этнодизайн пәнін оқу нәтижесінде қалыптасатын студенттердің кәсіби құзыреттілігі: этнодизайн және қолөнер, ұлттық бұйымдардың түрлері, формасы, түрі түсі, композициясы, орындау техникасы, тапсырысы, этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктері: форма, формақұрамы, композициясы, эргономикасы, материалы, фактурасы, безендіруі, орындау техникасы, демонстрациясы, экспозициясы, аукционизациясы мәселелерін қамтитын теориялық білімдерді меңгерген, этнодизайн бұйымдарын жобалаудың тәжірибелік іс-әрекеттерін біріктіретін, этнодизайн бұйымдарын қазіргі заманауи көркемдеудің инновациялық талаптарына сай жобалаудың диагностикалау, формақұрау, материалтану, тапсырмаларын орындай білетін, жана жоба жасау үдерісінде композиция, жарық пен көлеңке, тұстану, эргономика және пластикалық анатомия, технология, экономика, экспозиция, демонстрация, аукционизациясы талаптарымен байланысты орындалатын этнодизайнердің жобалау қызметін жоғары сапалық деңгейде орындайтын; «этнодизайн» курсының мазмұнын анықтайтын, оқушылар білуге тиісті этнодизайн білімдері мен оны оқыту білімдерінің көлемін айқындайтын, этнодизайн курсының оқу бағдарламасын, сабақ жоспарларын, көрнекті құралдарын жасай білетін, кәсіби шығармашылық пән болып табылады.

Осы күнде ұлттық кейпімізді көрсете отырып, әлем мойындайтын брендтерді қалыптастырудың түрлі жолдары ұсынылуда. Қазақты ұлт ретінде ерекшелейтін киелі киіз үйіміз бен бесігіміз, киіз үйдің ішін безендіретін кілем-текеметтеріміз, басқұрлар мен шашақтарымыз, қонақжай халқымыздың ақ ниетін паш ететін ақ дастарханымыз, оның үстіне астауға үйіле салынған қазы-қарта мен жал-жаямыз, молынан шаша салған ыстық бауырсақтар мен таба нандарымыз, тіл үйретін қымыз-қымрандарымыз құйылған күбі, кебеже, тостаған, торсық сияқты тұрмыстық заттарымыз, берекелі тұрмысымызды одан әрі сәнді ететін ән-күйлерімізді күмбірлете ойнататын қара домбырамыз бен қобызымыз, сол дастарханды жағалай отырған жамағайынның үстіне киген сәнді кәдесый-кешегіміз бен салтанатты әшекей бұйымдарымыз, сырттағы төрт түлік малымыз бен оларды баққанда мінетін сәйгілігіміз, оны

комдайтын ертоқымымыз бен ат-әбзелдеріміз және де басқаларын ұлттық брендке жатқызу барша жұрттың қолдауын әлдеқайда тапқан өмір шындығы.


Адамзатты бұндай жалпылау саясаты – сөзсіз «сан мыңдаған жылдардан бері сақталып келе жатқан, атадан балаға мұраға қалдырылған, былайша айтқанда, бабалар аманаты болып қалыптасқан ұлттық құндылықтардың табиғи дамуына тұсау болады және мұнда алуан түрлі қақтығыстар орын алады, оның нәтижесі ұлттық құндылықтардың беріктігі немесе әлсіздігіне, жаңаны қабылдай алуы немесе оған тосқауыл болуына, ұлттық ерекшелік қасиеттерін өз бойында сақтай отырып, жаңасына бейімделуіне байланысты болады».

Бұл жерде объективтік шындық болып табылатын қоғам дамуы заңдылықтарын түгелдей ысырып тастап, небір қиялдан туған, нақты сипаты анықталмаған әмбебап «жаһандық мәдениет» ұғымын көзге елестетудің өзі қазіргі жағдайда мүмкін емес.

Болашақты дұрыс болжау үшін, біздіңше өткенге зер салу керек. Осындай мәдениетті «коммунистік идеялогияға» ортақтандыру үдерісін кешегі бастан кешірген кеңестік дәуірдегі ұланғайыр Кеңес Одағын мекендеген ірілі-кішілі этностардың байырғы атадан мұраға аманат болып қалған мәдени құндылықтарынан айрылып қалуларына әкеп соққандығына куә болдық емес пе?

Болғанды жаңғырту, оны әрі дамыту осы күнде қымбатқа түсіп отырған жоқ па? Ендеше, тарихтың өзі берген сабақтан қажетті қорытынды шығара білетін жағдайға жеткен жоқпыз ба? Осындай заңды сұрақтарға жауап іздеу барысында туған ой – жаһандық үдерістен сырт айнала алмайтынымызды анық түсініп, осы ұланғайыр әлемдік даму көшінде өзіндік, яғни ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ұдайы ілгері жылжуымыз керек.

«Шежіре» (2-сурет) атты сериясы да құрақ тәрізді құралып, күміспен, басқа да металдармен белгілер салынған. Қазақ мәдениеті мен өнерінде белгінің, таңбаның алатын орны үлкен. Сол себепті әр белгіні жеке-жеке төрт бұрыш ішіне белгілеп көрсеткен. Себебі, бір белгі, бір рутайпаның жеке белгісі немесе мөрі болуы ықтимал. Жалпы суретшінің шығармалары қазақтың тарихының желісіне құрылған қайталанбас көрініс береді. Бағзы заманда қалыптасып сақталған тарихи жәдігерлерді ұлықтап, ерекше туындылар қалыптастырған авторлардың бірі десек қателеспейміз.



2сурет – С.Т. Бультрикова «Шежіре» 1 сериясынан

Ұлттық өнерімізді сақтап қана қоймай, оны заманауи ғылымның қол жеткізген озық технологияларын пайдалана отырып, тәжірибе жүзінде зерттеу арқылы көне көркем технологияларды қайта жаңартуымыз қажет деп білеміз. Бұл бағытта айтарлықтай іс-шаралар атқарылып жатқанын да алға тартамыз. Осы келелі де күрделі мақсатқа жету жолдарын қарастыру – біздің, жас ғалымдардың басты міндеттеріміз деп білеміз.

Біздің еліміздің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толғанымен, әлемдік алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына ену жолында әлі де талай қомақты істер атқаруымыз қажет. Олардың маңыздыларының бірі – еліміздің Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуі болып саналады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін елімізде өндірістік салаларды дамуын әлемдік деңгейге дейін көтеру қажет.

Кез келген өндірістік салалардың шығаратын өнімдерінің өзіндік айрықша сипаты, яғни дизайны болуы керек. Отандық өндіріс өнімдері әлемдік бренд деңгейіне көтерілуі үшін әуелде ұлттық бренд ретінде қалыптасуы шарт. Бұндай қалыптасу жолында өндірістік дизайнның орны ерекше және өте маңызды.

Заманауи археологиялық қазбалар мен көне жазба ескерткіштерге сүйене отырып айтарымыз – Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар ғасырлар бойы табиғи шикізаттар тас, саз балшық, металл, ағашпен қатар жануарлардан өндірілген тері, сүйек, жүн және сол тәрізді материалдарды күнделікті шаруашылық кәсіптері мен тұрмыс қажеттіліктеріне жарата отырып, қол өнердің қазақ ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған.

Өскемендегі жазбалар мен Ұлытау жартасындағы суреттер, Павлодар өңіріндегі Досыбай жартасынан табылған бейнелер, Кригельді өзені аңғарынан табылған керамикалық қазындылар Қазақстан жеріндегі қолөнердің көне заманнан келе жатқанына нақты айғақтар ретінде танылады. XIX ғасырдың екінші жартысында академиялық әдебиеттерде 3 суретте көрсетілгендей сәндік қолданбалы өнер түрлерін жіктей келе, оның классификациясын материалдарға (металл, керамика, текстиль, ағаш); жасалу техникасына қарай (ойып безендіре жону, көркемдеп жазу, кестелеу, тоқу, құю және т.б.) және затты қолданудың функционалдық белгілеріне (жиһаз, киім, әшекей бұйымдар, ыдыс-аяқ және т.б.) сай іріктеу әдісі қолданылатын болды. Бұндай классификациялау әдісі сәндік-қолданбалы өнердегі қолданылатын технологиялардың өндірістік тәсілдердің пайда болуына тікелей байланысты болды.

Дегенмен, қандай ғажайып технологиялар пайда болғанына қарамастан, ұлттық мәдениеттің дәстүрлі тәсілдерін сақтай отыра, оларды заманауи сұранысқа бейімдей білу осы өнер саласының мамандарының алдына қойылып отырған күрделі талаптардың ең бастысы деп білеміз. Осындай ұлттық мүддені қорғау бағытында біздің елімізде де мемлекеттік деңгейде іске асырылып отырған бағдарламалардың бірі – «Мәдени мұра» болып табылады. Ғылыми ізденіс жасау барысында осы аталмыш бағдарламаны өзіміздің жұмысымызға басты тірек етіп отырмыз.



Сурет 3. Өндіріс саласының жіктелуі

Қазақ ұлттық сәндік қолданбалы қолөнерінің тарихы ерте кезеңнен бастау алады. Ерте заманда көшпенді түркі тектес сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ тәрізді тайпалардың мәдениетінен арқау алады. Сонымен қатар оған көршілес елдердің, атап айтқанда – Ресей, Орта Азия мен Оңтүстік-Сібір халықтарының да мәдениеті айтарлықтай әсер еткен. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша осындай үздіксіз жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің дамуы өткен XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында шырқау шегіне жеткен кезеңін бастан өткерген.

Қазіргі кезеңде халықаралық деңгейде қолөнер көрмесі ұйымдастырылу деңгейімен салыстырғанда, бұрынғы кезеңдердегілері әлдеқайда айрықша көңіл бөлетін болған» – деп пайымдайды осы тақырып бойынша ізденіс жұмыстарын жасаған зерттеушілер.

1969 жылы 91 жасында қайтыс болған Барлыбаева Рымжанның қолынан шыққан текеметтің кезінде Парижде ұйымдастырылған көрмеге қатысып, талайларды таң қалдырғаны қандай тамаша. Сондай-ақ, қазақтың киіз үйлері 1861 жылы Парижде өткен халықаралық көрмеге қатысып, 1876 жылы Петербургте ориенталистердің үшінші конгресінің Құрметіне ашылған көрмеге, 1890 жылы Қазанда өткен көрмеге қойылған. 1913 жылы Омбы шахарында Романовтар әулетінің 300 жылдық тойларындағы көрмеге Атбасардан Мейрам қажының киіз үйі қатысқан.

Жоғарыдағы баяндалғандарды қорыта келе айтарымыз – этнодизайн бұйымдарын бағалау үшін, бұлардың көркемдік ерекшеліктерін бағалайтын критерийлерін анықтауды қажет етеді. Бұл

көрсеткіштерді анықтауда біз бейнелеу өнерінің түрлі салаларында еңбек еткен даңқты суретшілердің, өнер зерттеушілерінің пікірлерімен санасу, оларды негізге алу қажеттігі туындауда.

Сонымен қатар этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін анықтау мақсатындағы зерттеу нәтижесі дизайнды жасау ережелері мен заңдылықтарын жүйелеуге мүмкіндік береді. Этнодизайн бұйымдарының композициясын жобалау барысында сақтауды талап ететін көрсеткіштер: жазықтық, пропорция, форма мен мазмұн, уақыт, симметрия, ритм, статика мен динамика, перспектива, алтын қима, жоба идеясы, композициялық орталық, композицияның негізгі элементтері, композицияның қосалқы элементтері, интуиция мен талдау, контраст, қозғалыс, жаңашылдық, бейнелілік, тепе теңдік, тұтастық, композицияның пластикалығы т.б. болып анықталады. Этнодизайнның бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін тануда көрсеткіштерін анықтаудың орны ерекше.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://kaznai.kz/wpcontent/uploads/2021/11/%D0%95%D1%81%D0%BF%D0%B5%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0-%D0%90.%D0%A2.-%D0%94%D0%98%D0%A1%D0%A1%D0%95%D0%A0%D0%A2%D0%90%D0%A6%D0%98%D0%AF.pdf2>.
2. <https://emirb.org/habarshi-vestnik-korkemonerden-bilim-beru-v3.html?page=4>
3. https://www.myuniversity.ru/%D0%90%D1%80%D1%85%D0%B8%D1%82%D0%B5%D0%BA%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0/%D0%94%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D0%B9%D0%BD_%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%8B/180276_2306699_%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%86%D0%B01.html
4. Бегімбай К.М. Этнодизайн. Монография. – Нұр-Сұлтан: R&D, 2020, – 148.
5. Әмірғазин Қ. «Қазақ қол өнері». – Алматы: Дайк-Парк, 2004. – 92 б.
6. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері». – Алматы: Қазақстан, 1995. – 84 б.
7. Бегімбай К.М. Қазақстандағы өндірістік дизайн мәселелері. Мақала. – Астана, ЕҰУ хабаршысы. 2014. 0,25 б.т.
8. Ахман С., Бегімбай К.М. Қазақ ұлттық сәндік қолданбалы қолөнердің жағдаяты. Ғылым және Білім – 2017: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жас ғалымдарының халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана, 2017. – Б. 6623-6628 с.

ӨОК712. 41.3

ЭТНОДИЗАЙН – СӘУЛЕТТІК САЛАЛАРДА ҚОЛДАНУЫ: ИНТЕРЬЕРДЕГІ КОМПОЗИЦИЯЛАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Талгатбек Жанбота

zhanbota.education@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Дизайн және ИГ» кафедрасының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Бегімбай К.М.

Этнодизайн – қазіргі заманы.

Адам күнделікті өмірде табиғи ортадан алыстай отырып, бетон қалаларының «механикалық» ырғағында өмір сүреді. Кеңістік дизайнындағы этникалық бағыт кетуге мүмкіндік береді артық технология ортасынан. Бір жағынан, соңғы жылдары республикада қоғамдық тамақтандыру қызметтерін дамытудың оң динамикасы байқалды. Бұл көп жағдайда дәрежелер халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне әсер етті. Мұның салдары үй шаруашылығының үйден тыс тамақтануға арналған шығыстарының үлесін ұлғайту.

Кезінде заманауи тамақтандыру кәсіпорындарының сәулеттік келбетін безендіру олардың интерьерін шешуге маңызды орын беріледі. Тәжірибе куәландырады функционалды көлемдік-кеңістіктік шешімге және интерьерлердің сәулеттік және көркемдік экспрессивтілігіне